

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ПРОМЫШЛЕННОСТИ И
СТРОИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қ, Қабанбай Батыр даңғылы, 32/1
тел.: 8(7172) 98 33 11
e-mail: miid@miid.gov.kz

010000, г. Астана, пр. Кабанбай Батыра 32/1
тел.: 8(7172) 98 33 11
e-mail: miid@miid.gov.kz

№ _____

2023 жылғы 14 қыркүйектегі
№ ДЗ-316 депутаттық сауалға

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары
А.А. Садықовқа
А.Т. Перуашевқа
Д.М. Еспаеваға
Е.Х. Барлыбаевқа
Қ.Ж. Исаға
Е.А. Бейсенбаевқа

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрілігі Сіздің отандық өндірушілерді қолдаудың маңызды құралы ретінде офтейк-келісімшарттарды толыққанды іске асыру туралы депутаттық сауалыңызға қатысты келесіні хабарлайды.

1. Офтейк-келісімшарттар институтын енгізу бөлігінде «Өнеркәсіптік саясат туралы» заңды орындау үшін заңға тәуелді нормативтік актілер әзірленді ме?

2. Егер қабылданбаса және іске асырылмаса, жауапкершілік кімге жүктеледі?

Мемлекеттің елішілік құндылықты дамыту саласындағы саясатын іске асыру шеңберінде тұрақты негізде офтейк-келісімшарттар жасасуға жәрдемдесу бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде, ол қазақстандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін дамытуға, жаңа өндірістер құруға және құзыреттерді тартуға бағытталған.

Өнеркәсіпті дамытуға бағытталған шарттар «Өнеркәсіптік саясат туралы» Заңның 46-бабына сәйкес (бұдан әрі – Заң) өндірісі ҚР аумағында бұрын болмаған өңдеу өнеркәсібінің тауарларын ұзақ мерзімді кепілдендірілген сатып алуды көздейтін **офтейк-келісімшарттар**, сондай-ақ өңдеу өнеркәсібінің тауарларын, оның ішінде жүзеге асырылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер шеңберінде сатып алынатын тауарларын сатып алудан бөлек, шарт сомасынан қаражаттың бір бөлігін Қазақстан Республикасының экономикасына инвестициялау (кемінде 5%) бойынша

елеулі талаптарды көздейтін **келісімшарттық сатып алу шарттары** (*офсет*) негізінде жасалады.

Осы Заң шеңберінде міндеттерді орындау мақсатында **офтейк-келісімшарттар мен келісімшарттық сатып алу шарттарын жасасу мәселелері бойынша негізгі ережелерді реттейтін** «Өнеркәсіпті дамытуға бағытталған шарттарды жоспарлау және жасасу, сондай-ақ олардың орындалуына мониторинг жүргізу қағидалары» (ИИДМ-нің 08.06.2022 ж. №325 бұйрығы) (бұдан әрі - Қағидалар) әзірленді.

Қағидалардың нормаларын орындау үшін Министрлік өңдеуші өнеркәсіп тауарларына әлеуетті сұранысты анықтау үшін жылдар бойынша динамикада жер қойнауын пайдаланушылардың, жүйе құраушы кәсіпорындар мен ұлттық компаниялардың нарығы мен сатып алу көлеміне талдау жүргізді, онда осы талдау қорытындылары бойынша **неғұрлым талап етілетін өнімдер тізбесі айқындалды**.

Бүгінгі күні бұл тізбе әлеуетті өнім берушілерді анықтау және Қағидалар шеңберінде сатып алу рәсімдерін жүргізу үшін тізбені жариялау бойынша келісу және одан әрі жұмыс істеу үшін әлеуетті тапсырыс берушілердің (*жер қойнауын пайдаланушылар мен ұлттық компаниялардың*) мекенжайларына жіберілді.

Бұл ретте, 2022 жылдың басында Министрлік тұрақты импорт тауарларының тізбесін дайындау бойынша осындай жұмыс жүргізгенін және жер қойнауын пайдаланушыларға НҚА-ның белгіленген нормаларына сәйкес келісу үшін жіберілгенін атап өткім келеді.

Тапсырыс берушілердің алдында міндеттеменің болмауына байланысты **олардың офтейк-келісімшарттар мен келісімшарттық сатып алу шарттарын жасасуға мүдделілігі төмен** екендігін ескере отырып, өнеркәсіпті дамытуға бағытталған шарттар жасасу тетігі Мемлекет басшысының ағымдағы жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауы шеңберіндегі тапсырмасын ескере отырып, қайта қаралатын болады.

3. Президенттің тапсырмаларын орындау үшін офтейк-келісімшарттар тұрақты жүйе ретінде жұмыс істейтіндей қандай шаралар қабылдануда.

Мемлекет басшысының офтейк-келісімшарттар жасасу тетігін толыққанды іске қосуға қатысты тапсырмасын орындау үшін Министрлік өнеркәсіпті дамытуға бағытталған шарттар (*бұдан әрі – Шарт*) жасасу мәселелері бойынша заңнамалық түзетулер («Өнеркәсіптік саясат туралы» Заң) әзірледі, оған офтейк-келісімшарттар мен келісімшарттық сатып алу шарттары (*офсет*) кіреді. Бұл ретте түзетулер шеңберінде Шарттың түрлерін ұзақ мерзімді кепілді шарттармен кеңейту көзделеді.

Бұдан басқа, жер қойнауын пайдаланушылармен және квазимемлекеттік сектор кәсіпорындарымен қатар оған жүйе құраушы кәсіпорындар мен табиғи монополиялар субъектілерін қосу ұсынылатын Шарттар жасасатын тапсырыс беруші кәсіпорындардың тізбесі кеңейтілетін болады.

Сонымен қатар, әлеуетті тапсырыс берушілерді отандық кәсіпорындармен Шарт жасасу рәсімдерін жүргізуге міндеттеу ұсынылады, өйткені қазіргі уақытта бұл тетік ерікті сипатқа ие.

Ірі кәсіпорындардың отандық өндірушілерді қолдау шараларын, елішілік құндылық бойынша көрсеткіштерді, Шарттар жасасуды, ШОБ белдеуін құруды,

әлеуметтік қамсыздандыруды және т.б. қамтитын Елішілік құндылықты дамыту бағдарламаларын қабылдау жөніндегі міндеттемелерін белгілеу жоспарлануда.

Жоғарыда аталған шаралар реттелетін сатып алулардағы елішілік құндылық үлесін ұлғайтуға, отандық кәсіпорындарды ұзақ мерзімді тапсырыстармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

**Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс
министрі**

Қ. Шарлапаев

*Орынд.: А. Балтин
тел.: 983-428
E-mail: az.baltin@miid.gov.kz*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ПРОМЫШЛЕННОСТИ И
СТРОИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қ, Қабанбай Батыр даңғылы, 32/1
тел.: 8(7172) 98 33 11
e-mail: miid@miid.gov.kz

010000, г. Астана, пр. Кабанбай Батыра 32/1
тел.: 8(7172) 98 33 11
e-mail: miid@miid.gov.kz

№ _____

На депутатский запрос № ДЗ-316
от 14 сентября 2023 года

Депутатам Мажилиса
Парламента
Республики Казахстан
Садыкову А.А.
Перуашеву А.Т.
Еспаевой Д.М.
Барлыбаеву Е.Х.
Иса Қ.Ж.
Бейсенбаеву Е.А.

Уважаемые депутаты!

Министерство промышленности и строительства Республики Казахстан касательно вашего депутатского запроса о реализации офтейк-контрактов, как важного инструмента поддержки отечественных производителей, сообщает следующее.

1. Разрабатывались ли подзаконные нормативные акты во исполнение закона «О промышленной политике», в части внедрения института офтейк-контрактов?

2. Если не приняты, и не реализованы, на ком лежит ответственность?

В рамках реализации политики государства в области развития внутристрановой ценности на постоянной основе проводится активная работа по содействию в заключении офтейк-контрактов, которая направлена на развитие конкурентоспособности казахстанских предприятий, создание новых производств и привлечение компетенций.

Договоры, направленные на развитие промышленности заключаются в соответствии со статьей 46 Закона «О промышленной политике» (далее – Закон) **на основании офтейк-контрактов**, предусматривающих долгосрочный гарантированный закуп товаров обрабатывающей промышленности, производство которых ранее отсутствовало на территории РК, а также **договоров контрактных закупок (офсет)**, предусматривающих помимо закупа товаров обрабатывающей промышленности, в том числе приобретаемых в рамках осуществляемых работ и

оказываемых услуг, существенные условия по инвестированию части средств от суммы договора в экономику Республики Казахстан (*не менее 5%*).

В рамках данного Закона в целях исполнения задач разработаны «Правила планирования и заключения договоров, направленных на развитие промышленности, а также мониторинга их исполнения», **регулирующие основные положения по вопросам заключения офтейк-контрактов и договоров контрактных закупок** (*приказ МИИР №325 от 08.06.2022 г.*) (далее – *Правила*).

Во исполнение норм Правил, Министерством проведен анализ рынка и объемов закупок недропользователей, системообразующих предприятий и национальных компаний для выявления потенциального спроса на товары обрабатывающей промышленности в динамике по годам, где по итогам данного анализа **определен перечень наиболее востребованной продукции**.

На сегодняшний день, данный перечень направлен в адреса потенциальных заказчиков (*недропользователи и национальные компаний*) для согласования и дальнейшей работы по публикации перечня для выявления потенциальных поставщиков и проведения закупочных процедур в рамках Правил.

При этом хотим отметить, что ранее в 2022 году, Министерством проводилась аналогичная работа по подготовке перечня товаров постоянного импорта и направлен недропользователям для согласования в соответствии с установленными нормами НПА.

Учитывая, что у заказчиков **низкая заинтересованность в заключении офтейк-контрактов и договоров контрактных закупок из-за отсутствия обязательства перед ними**, механизм заключения договоров, направленных на развитие промышленности будет пересмотрен, с учетом поручения Главы государства в рамках послания от 1 сентября т.г.

3. Какие меры предпринимаются для исполнения поручений Президента чтобы офтейк-контракты заработали как устойчивая система.

Во исполнение поручения Главы государства относительно полноценного запуска механизма заключения офтейк-контрактов Министерством разработаны законодательные поправки (*Закон «О промышленной политике»*), по вопросам заключения договоров, направленных на развитие промышленности (*далее – Договора*), которые включают в себя офтейк-контракты и договора контрактных закупок (*офсет*). При этом в рамках поправок предусматривается расширение видов Договоров долгосрочными гарантированными договорами.

Кроме того, будет расширен перечень предприятий-заказчиков, заключающих Договора, где наряду с недропользователями и предприятиями квазигосударственного сектора, предлагается включение в него системообразующих предприятий и субъектов естественных монополий.

Вместе с тем, предлагается обязать потенциальных заказчиков к проведению процедур заключения Договоров с отечественными предприятиями, поскольку на текущий момент данный механизм имеет добровольный характер.

Планируется установление обязательств крупных предприятий по принятию Программ развития внутристрановой ценности, включающие в себя меры поддержки

отечественных производителей, показатели по внутристрановой ценности, заключение Договоров, создание пояса МСБ, социальное обеспечение и т.д.

Вышеназванные меры позволят увеличить долю внутристрановой ценности в регулируемых закупках, обеспечить отечественные предприятия долгосрочными заказами.

**Министр промышленности и
строительства
Республики Казахстан**

К. Шарлапаев

*Исп.: А. Балтин
тел.: 983-428
E-mail: az.baltin@miid.gov.kz*